

### 3 Бірқұдайшылықтың түрлері

Аллаһ Тағаланы Оған ғана тән болған раббылығында, құлшылыққа лайықты жағыз құдайлығында және Есімдері мен сипаттарында жалғыз ету.

Оның үш түрі бар

#### Таухид әл-асма уа-с-сыфат

Ол Аллаһ Тағаланы Ол өзін-өзі Құранда немесе Елшісінің тілімен атаған құдайлық Есімдері мен сипаттарында жалғыз ету. Әрі бұл Ол Өзіне қатысты бекіткен нәрселерді бекіту және теріске шығарған нәрселерді теріске шығару арқылы оларды бұрмалаусыз, теріске шығарусыз, кейіп берусіз және ұқсатусыз іске асырылады.

#### Таухид әл-улюһия

Ол Аллаһ Тағаланы құлшылықта немесе пенделердің іс-амалдарында жалғыз ету.

#### Таухид әр-рубубия

Ол Аллаһ Тағаланы Оның істерінде жалғыз ету немесе Оны Жаратушы, Патша (Ие) және Басқарушы ретінде жалғыз ету.

### Діннің үш дәрежесі

#### Ихсан

Аллаһ Тағалаға оны көріп тұрғанындай әрі егер сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұрғанын біліп құлшылық етуің

#### Бір тірек әрі оның құрамында екі дәреже:

1-Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету;  
2- Аллаһтың бақылауын сезініп, сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұр деп құлшылық ету.

#### Иман

Ол тілмен айту, жүрекпен сену және дене мүшелерімен амал ету, ол көбееді және азаяды.

#### Иманның тіректері: 6

1-Аллаһқа иман;  
2-Періштелерге иман;  
3-Кітаптарға иман;  
4-Елшілерге иман;  
5-Ақыретке иман;  
6-Тағдырға, оның жақсылығы және жамандығымен иман.

#### Ислам

Ол Аллаһ Тағалаға бірқұдайшылық арқылы бойсуну, Оған мойынсұну арқылы бағыну және көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдарға қатыссыз болу.

#### Исламның тіректері: 5

1- Екі куәлік;  
2- Намаз орындау;  
3- Зекет беру;  
4- Рамазанда ораза ұстау;  
5- Жолына шамасы жететін адамның Қағбаға қажылық жасауы.

### 4 Тыйым салынған нәрселердің түрлері:

#### Кіші күнәлар

Үлкен күнәлардан өзгелер. Үлкен күнәлар Аллаһтан кешірім сұраумен өшіріледі, әрі кіші күнәлар үнемі жасалумен үлкен күнәларға айналады. Пайғамбарымыз ﷺ: «Кіші күнәлардан аулақ болыңдар, өйткені олар жинала беріп адамды опат етеді», - деген.

#### Үлкен күнәлар

Ізінен арнайы жаза қарастырылған сиқыр, ата-анаға құрметсіздік, өсімқорлық, зина, еркекқұмарлық, өтірік айту, мас ететін заттарды ішіп-шегу, ұрлық, ғайбат, Аллаһ өлтіруін харам еткен жанды қақысыз өлтіру, жетімнің мал-мүлкін жеу сияқты істер.

#### Кіші ширк

(Діннен шығармайды, бірақ үлкен күнәлардан да ауыр болады.) Мысалы, «Аллаһ және сен қаладың» деп айту, Аллаһтан басқамен ант ету; кіші рия; ширкті тұмарлар; ырымдар; әлдебір нәрседен қорғауға себеп болады немесе көзді қайтарады деген сеніммен жіп, білезік, моншақтар т.с.с. тағу.

#### Үлкен ширк

(Діннен шығарады, әрі адам осында өлсе, кешірілмейді.) Аллаһқа теңдес жасап, оған Аллаһқа дұға ететіндей дұға ету, немесе Аллаһтан қорқатындай қорқу, немесе Аллаһты жақсы көретіндей жақсы көру, немесе оған ғибадаттың әлдебір түрін арнау.